

«Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасы «Тарих және педагогика» факультетінің 6В01610 –Тарих, 6В02220-Тарих, 6В03210-Кітапхана ісі, 6В01561 –География- Тарих, білім беру бағдарламамен даярлау бағытымен, үлгілік оқу жоспарымен, жұмыс оқу жоспарымен, оқу-танысу, өндірістік I,II және дипломалды практика бағдарламасымен және академиялық күнтізбемен айқындалады.

Практиканың ұзақтығы мамандықтың жұмыс оқу жоспарымен белгіленді және студенттердің кәсіби қызметтерін меңгеру кезеңділігін бакалаврды даярлау және біліктілік деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес қамтамасыз етуге бағытталған.

Практикалардың мақсаты мен міндеттері бакалаврды даярлаудың білім беру бағдарламасымен, оның кәсіби қызметінің нысандары және түрлерімен, оның кәсіптік бейімделу мүмкіндіктерімен қалыптастырылған жалпы талаптармен анықталды.

Дипломалды практиканың мақсаты - дипломдық жұмыс тақырыбы бойынша нақты ақпараттар жинау, дипломдық жоба қаралатын дүние ретінде, тақырыпты терең зерттеуге қажет ғылыми әдебиеттер, тарихи деректер, нормативті-заңдылық құжаттарды жинау болып табылады.

Студенттер дипломалды практика өту барысында келесідей міндеттер атқарды: дипломдық жұмысты даярлау және жазу үшін дипломдық жұмыс тақырыбының жалпы жағдайын сипаттайтын материалдар жинады; дипломдық жұмыс тақырыбы бойынша табылған әдебиеттерді оқып зерттеді; жиналған материалдарды зерттеу негізінде алған теориялық білімді нығайтты.

Тәжірибе барысында студенттер күнделікті жұмыс түрін жүйелі түрде тіркейтін күнделіктер жүргізді.

Студенттер практика контентімен қамтамасыз етілді:

- диплом алдындағы практика бағдарламасы;
- әр білім алушыға арналған жеке тапсырмалар;
- тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқау;
- тапсырмаларды орындауға арналған бастапқы материалдар (кітаптар, анықтамалықтар, жоспар-схемалар, бейнелерге, веб-сайттарға сілтемелер, практика базалары бойынша материалдар және т. б.);
- білім алушылармен кеңес кестесі;
- практика бойынша есептерді рәсімдеу талаптары;
- практика бойынша есепті қорғауға дайындалу үшін сұрақтар тізімі;
- басқа да қажетті материалдар.

Алынған ақпарат негізінде дипломдық жұмыс үшін актуальдылықты мәселенің өңделу жағдайы, дипломдық жұмыста терең зерттеуге тұратын қызмет бағыты арқылы анықталды, жиналған ақпарат дипломдық жұмыс жазу үшін жеткілікті деп белгіленді.

Студенттер кітапханалық зерттеулердің негізгі әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып дипломдық жұмысына кіретін мәселе бойынша мәліметтер жинады. Бұл процедура студенттерге осы мақсаттар үшін жетекші мамандармен жұмыс істеу дағдысын алуға мүмкіндік беріп, олардың өз алдына зерттеу қызметіне қажетті базасын құрайды, студенттер атқаратын өзіндік жұмыстар шеңберінде ақпараттарды белгілеу; материалдарды бастапқы өндей білу (алынған мәліметтерді карточкаға түсіру, жоспар, нұсқа құру және дипломдық жұмыстың мәтінін құрастыру).

Сонымен бірге студенттердің тарихи ойлауын қалыптастыру, гуманизм идеяларын жаңғырту, демократиялық құндылықтар мен патриотизмді құрметтеу, (өркендеуші) ақпаратты жинау және талдау бойынша студенттердің шеберлігі мен дағдыларын дамыту, шынайылық оқиғасы мен құбылыстарын тарихи талдау негізінде студенттердің ойлау бейімділіктерін дамыту, олардың ғажайыптылығын тарихи білім тұрғысында тарих қозғалысының бірегей тасқынына (өткен-қазіргі-болашақта) шығармашылық қолдану.

Бағдарламаға кітапхана жұмысының негізгі бағыттары бойынша практикалық тапсырмалар қамтылған. Олар атап айтқанда, негізінен: қор, экспозициялық, ғылыми-ағартушылық, экономика мен кітапхана ісін басқару.

Студенттердің кітапхана қызметкерлері жұмысының кестесіне қосылды. Практика барысында барлық кітапхана бөлімдер қорындағы тарихтан, археология, этнография салалары бойынша сыр шертетін дерек түрлерімен жан-жақты танысты.

Практиканың аяқталу мерзіміне қарай студенттердің қорытынды қорғауы болды. Бұл жерде студенттердің жасаған жұмыстары бойынша есептері тыңдалып, комиссия мүшелерінің қойған сұрақтарына жауап берілді. Осыған сәйкес оларға тиісінше бағалар қойылды. Баға қою барысында олардың берілген тапсырмаларды қандай дәрежеде орындағандары қатаң қаралды.

Практика базалары: Шымкент қаласы Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының "Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы", Түркістан облысы Отырар ауд. Жаңа шілік ауылы, М. Шаханов атындағы Жалпы білім мектеп кітапханасы", Жамбыл облысы, Жуалы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, Түркістан обл., Қазұғырт аудандық ОКЖ, Түркістан обл., Ордабасы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, Түркістан обл., Келес ауд., Бозай ауылдық округі, Келес ауданы әкімдігінің «Аудан орталықтандырылған кітапханалар жүйесі», Жамбыл облысы, Т. Рұсқылов аудан әкімшілігінің Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ОКЖ, Шымкент қаласы, М. Жумабаев атындағы №39 мектеп, №1 А.С. Пушкин атындағы мектеп-гимназия Шымкент қаласы, «Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп-лицейі», №47 атындағы Т.Тәжибаев мектеп-гимназия, № 65 атындағы Ы. Алтынсарин мектеп-гимназия, Шымкент қаласы «Н.Төреқұлов атындағы №62 жалпы білім беретін мектебі», Шымкент қаласы «Білім инновация» қыз балаларға арналған №2 лицей-интернаты КММ, Шымкент қаласы «Zerdeli international school Shymkent» ЖШС, Parasat AJ mektebi, М. Әуезов атындағы ОҚУ- АБО, Археологиялық және антропологиялық ғылыми-зерттеу орталығы, Түркістан облысы тарихи-өлкетану музейі, Шымқала тарихи мәдени кешені КММ, ҚР Ұлттық музей. Түркістан облысының Қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шымкент қалалық мемлекеттік архиві.